

АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТЕР ҚҰРАМЫ КЕҢЕЙДІ



Парламент Мәжілісінде Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдрашид Жүкенов депутаттарға «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істер санатын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын таныстырды. Заң жобасы Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауын іске асыру мақсатында әзірленген.

«Елімізде алқабилер соты 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді және 15 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Бұл – біздің сот жүйесін дамыту бағытында өте маңызды шара. Алқабилер соты жарыспалылық пен тараптардың теңдігі, кінәсіздік презумпциясы секілді қылмыстық процестің негізгі қағидаттарын бекітуде маңызды рөл атқарады. Қазір алқабилер соты барлық қаралған істердің 10%-на дейін ақтау үкімін шығарады. Алқабилердің қарауына жататын істер бойынша сотқа дейінгі тергеудің сапасы әлдеқайда жоғары. Тараптар сот талқылауында белсенділік білдіреді», – деді Ә.Жүкенов.

(Соңы 5-бетте)

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНА – 30 ЖЫЛ

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанда ең бірінші танып, құттықтаған Түркия елі еді. Бауырлас бұл елмен дипломатиялық байланыстар 1992 жылдың 2 наурызынан басталған соң, шет мемлекеттер арасында ең бірінші болып Түркия 12 сәуірде Алматыда өз елшілігін ашты. Ал Қазақстан өзінің шет елдердегі алғашқы елшілігін Түркияның Анкара қаласында сол жылы қазан айында ашқан болатын. Биыл қазақ-түрік ынтымақтастығына – 30 жыл толып отыр.



Студенттерге берілген мүмкіндік

Екі елдің арасындағы саяси, мәдени, экономикалық қарым-қатынастар жыл өткен сайын тамырын тереңдете түсуде. Бұл бағытта олардың тілдік, діндік, ділдік мәдени-рухани бірлігі маңызды рөл атқарып отыр. БҰҰ, ЭЫҰ, ИЫҰ, ЕҚЫҰ, АӨСПК сияқты әлемдік, аймақтық және халықаралық ұйымдардағы ортақ ұстанымдарымен ерекшеленетін екі елдің қарым-қатынасына мемлекет басшылары әрдайым сызат түсірмеуге тырысады. Осы арада екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың тарихы тәуелсіздіктен бұрын басталғанын айта кеткен жөн.

Мәселен, 1991 жылғы сәуірде Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы келісім шеңберінде Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті ашылды. Бұл түркі тілдес елдерде ашылған тұңғыш халықаралық жоғары оқу орны болып табылады.

(Соңы 5-бетте)



ЕСЕП БІЛМЕЙТІНДЕР БАНКТИҢ «ЖЕМІ»

3-бет



МЕЙІРІМ КӨРМЕГЕНДЕР ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА БЕЙІМ

4-бет



КӨМІЛМЕЙ ҚАЛҒАН САУСАҚ

8-бет

«КЕШІРІМ ЖАСАУ – КЕҢДІК, КЕШІРЕ АЛМАУ – КЕМДІК»

«Кешірім жасау – кеңдік, кешіре алмау – кемдік» дейді бабаларымыз. Кешірімді болу кемелдіктің ғана белгісі емес, сонымен бірге бұл ел бірлігін сақтаудың, ынтымақты арттырудың кепілі. Мемлекет басшысының қаңтар оқиғасына қатысушыларға кешірім беріп, рақымшылық жасау туралы шешім қабылдауы елдікке сына түсірмеуге, татулық пен тыныштықты сақтауға негізделген.

Президент Қ.Тоқаев 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында не себепті мұндай қадам жасалғанын ашып айтты. «Бізге ел бірлігі ауадай қажет. Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр. Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті.

(Соңы 2-бетте)

«КЕШІРІМ ЖАСАУ – КЕҢДІК, КЕШІРЕ АЛМАУ – КЕМДІК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан, мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым», – деген Мемлекет басшысының сөзі көп азаматқа үміт сыйлағаны рас.

2 қараша күні Президент «Рақымшылық туралы» заңға қол қойды. Бұл құжаттың жасалуына Марат Қоғамов, Исидор Борчашвилли секілді ғалымдар мен адвокаттар, заңгерлер үлкен үлес қосты. Терең ізденіс пен көпшілік тілегін ескере отырып дайындалған заңда жазаны ізгілендіру, азаматтардың өз қателігінен сабақ алуына ерекше көңіл бөлінген.

«Рақымшылық туралы» заңда көрсетілгендей, кешірім қаңтар оқиғасына қатысқандардың барлығына бірдей берілмейді. Соның ішінде тәртіпсіздіктерді ұйымдастыруға қатысы бар негізгі айыпталушылар, сондай-ақ, мемлекетке опасыздық жасап, билікті күшпен ауыстыруға әрекет жасады деп айыпталғандар рақымшылыққа ілінбейді.

Қаңтар оқиғасына қатысқандардың көпшілігі өрімдей жастар. Олар алаңға мақсатсыз барды. Кейбірі тобырдың жетегінде кетіп заңбұзушылықтарға жол берді. Өз ісіне өкініп жатқан азаматтар мемлекет тарапынан жасалған бұл игілікті шараның маңызын түсініп, қателіктен өмірлік сабақ аларына сенім мол. Заңда қылмыстық теріс қылық, жеңіл және ауырлығы орташа қылмыс жасағандардың соттылығы алынып, жазадан толық босатылатыны айқындалған. Ал ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандардың жаза мерзімі қысқартылмақ. Соның ішінде, ауыр қылмыс жасағандар жазасының 4/3-і қысқарса, ауыр қылмыс жасағандар өзіне белгіленген жазаның жартысын ғана өтейтін болады.

Енді рақымшылыққа кімдер ілінеді? Жалпы рақымшылықты ақтаумен шатастыруға болмайды. Ақтау дегеніміз – қылмыстық жауаптылыққа тартылған азаматтың кінәсіз екенін растап шығуы. Ал рақымшылық – қылмыс жасаған адамның жаза-сын жеңілдетуге, жауаптылықтан босатуға бағытталған. Сондықтан бұл екі сөздің мағынасын шатастырмау керек.

Заңдағы кейбір ерекшеліктерді атап өткен орынды. Мәселен, қаңтар оқиғасына қатысқан азамат рақымшылықтан бас тартса, ол өзінің кінәлі еместігін әрі қарай сотта дәлелдей алады. Ал іс сотта қаралып, үкім шықса, бұл кезде азаматтың келісімін алмай-ақ рақымшылық қолданылады. Сондай-ақ, қаңтар оқиғасы кезінде мемлекетке, кәсіпкерлерге орасан зор материалдық шығын келді. Рақымшылық азаматтарды материалдық шығынды өтеу жауапкершілігінен құтқармайтынын ескергеніміз жөн. Кешірім берілген азамат бостандыққа шыққаннан кейін де өзіне міндеттелген материалдық шығынды өтей береді.

«Рақымшылық туралы» заң қабылданғалы «Бұл құжат полиция қызметкерлерін жазадан босату үшін дайындалған» деп қате пайым жасаушылар да баршылық. Шындығына келгенде, ұсталғандарды қинап, қорлап, түрлі азап көрсеткен құзырлы орын қызметкерлері рақымшылыққа ілінбейді. Сондықтан, қоғамды шатастыратын, тексерілмеген ақпарат таратпаған абзал.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛАНЫҢ БАСТЫ ҰСТАЗЫ – АТА-АНАСЫ

Еліміздің ертеңі де, өркені де – бүгінгі ұрпақ. Жас ұрпақты саналы етіп тәрбиелеудің басы отбасынан бастала-тыны анық. Әрбір бала үшін ең қауіпсіз орын – оның үйі, отбасы. Өйткені, бала көңілі осы жерде мені жақсы көретін, маған қамқор болатын, қорғайтын адамдар тұрады деп сенеді.

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Баланың қамсыз өмір сүруіне, ата-анасының мейіріміне бөленіп, білім алып, дамуына елімізде барлық жағдай жасалған. Отбасының негізгі міндеті баланы өмірге келтіру ғана емес, оны қоршаған ортаға, адамзатқа, өз қоғамы-на пайдалы етіп тәрбиелеу.

Өкінішке қарай, өз үйінде қамқор-лықты сезінбейтін, ата-анасы, заңды өкілдері тарапынан тиісті күтім, тәрбие мен бағып-қағу көрмей ержетіп келе жатқан ұл-қызымыз аз емес. Жәутенде-ген балалардың тағдыры кім-кімнің де жүрегін сыздататыны анық. Болашақ ұрпақты өзге сыртқы күштерден ғана емес, кейде отбасы ішіндегі жағымсыз «ауа райынан» да сақтау керек.

Баланың басты ұстазы – ата-анасы. Дегенмен, қазіргі таңда ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ақтөбе облысы көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жасөспірімдер жасаған қылмыстың көбеюі соның айғағы. Мұндай келеңсіз жағдайдың қалыптасуына тек баланы ғана кінәлауға болмайды. Өйткені, баланың тәрбиесіне босандық танытқан ата-аналар да құқық бұзушылықтың орын алуына кінәлі бо-латынын жасырын емес.

Қазіргі кезде ата-аналардың балаға көп көңіл бөле бермеуінің себебі бар-шылық. Біріншіден, тіршілік қамын ойлап, уақыттарының көбі күнкөріс жолына бағытталып жатса, екінші жағынан, кейбір отбасында балалар



А.ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Ақтөбе облыстық Көмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының кеңсе бас маманы

мейірімге зәру болып өсіп, қаталдық содан пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, шамадан тыс еркіндік берілуі, ата-ана-ның ішімдікке салынуы да балалардың құқықбұзушылық жасауына себеп болып жататыны рас. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп халық дана-лығында айтылатындай, әрбір ата-ана бала тәрбиесінде ерекше тұлға екенді-гін ұмытпаған жөн.

Қазіргі уақытта көмелетке толмаған-дар жасаған қылмыстардың ішіндегі ең көп тарағаны – меншікке қарсы қыл-мыстар (ұрлық, тонау). Бұл қылмыстар негізінен көмелетке толмаған адамдар тобында жасалады.

Көмелетке толмағандар жасаған қылмыстық істердің басым бөлігі оқуға құлықсыздығына, ата-анасының ауыр материалдық жағдайына байланысты жасалады. Бұл жасөспірімдерге ата-ана назарының жетіспейтіндігін, балалар-дың мінез-құлқына ата-ана бақылауы-ның жоқтығын көрсетеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйен-сек, 2021 жылдың 9 айында көмелетке толмағандарға қатысты 23 қылмыстық іс қаралып, 12 жасөспірімге қатысты қылмыстық жауаптылық тағайын-далған. Ал 2022 жылдың 9 айында көмелетке толмағандарға қатысты 28 қылмыстық іс қаралып, 11 балаға қат-тысты қылмыстық жауаптылық таға-йындалды. Осының өзі бала тәрбиесіне барынша жауапты қарау керектігін ұқтыратындай.

ҚҰҚЫҚ

ПАЙЫМ

Бүгінде еліміздің сот төрелігін дамытып, қоғамның қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында қолға алынған әрбір реформа оң нәти-жесін беріп келеді. Соның ішінде сот жүйесін межелі мақсаттарға жеткізген «Сот төрелігінің жеті түйінінің» маңызы зор.

«ЖЕТІ ТҮЙІН» ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗДІ

Аталған жоба аз уақыттың ішінде халықтың сотқа деген сенімін артты-рғаны даусыз. Атап айтсақ, «Мінсіз судья» – жоғары кәсіби сот корпусын қалыптастыруды қамтыса, «Үлгілі сот» – жұмысты онтайлы ұйымдастыруға жол ашты. Соның негізінде соттарда фронт-кеңселер, құқықтық қызмет көрсету орталықтары ашылды. Ал, «Әділ процесс» – әділ және бірізді сот практикасын құруға, проестік әрекет-тердің ашықтығын арттырып, онтай-ландыруға, сот рәсімдерінің жеделдігін және жариялылығын қамтамасыз етуге ықпал етті. «Smart сот» жобасы – сот жүйесінің IT қызметтерін жоғары қа-нағаттанушылық деңгейіне жеткізді.

Осы орайда, сот жүйесі толығымен цифрландырылып, азаматтар сот про-цестеріне үйінде отырып-ақ, қашықтан қатысуға мүмкіндік алды. Заманға сай жетілдірілген қарапайым әрі көпке қолайлы сервисер пандемия кезінде де сот қызметін бір сәтке тоқтатпауға мүмкіндік берді. «Онтайлы орта» – халықтың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғам мен сот-тар арасында тиімді қарым-қатынас орнатты. Нәтижесінде, резонанстық істер бойынша соттар ақпараттарды жедел таратып, халықтың ақпарат-тық сұрауын толығымен қанағаттан-дырып отыр. Тіпті, әлеуметтік желі арқылы түскен сот қызметіне қатысты

сұрақтарға дер кезінде жауап беру қолға алынып, ашықтық артты десек қателеспейміз.

«Татуласу: сотқа дейін, сотта» жо-басы негізінде татуласу орталықтары ашылып, онда медиаторлар, адвокат-тар, нотариустар, психологтар, сот орындаушылары халыққа бір орта-дан көмек көрсететін болды. Барлық қызметтің бір орталықта орналасуы қарапайым халықтың уақыты мен жолға жұмсайтын шығынын үндемде-уге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, аталған орталықтарда даулар сотсыз шешімін табуға. Ал, «Сапалы нәтиже» аясында атқарылған игілікті жұмыс жетерлік. Мәселен, бұрын күрделі сөздер, заң терминдері қолданыла оты-рып, шұбаланқы жазылған сот актілері тараптардың түсінбестігін жиі туғы-зып, соттарға сот актілеріне қатысты арыз-шағымдар көп түсетін. Бүгінгі таңда бұл мәселе де оң шешімін тауып, сот актілерін қарапайым әрі көпке түсінікті тілде жазу бір қалыпқа түсті десек қателеспейміз. Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов «Судья қарапайым адамдар тілінде жазуды үйренуі тиіс. Біз өзіміздің күрделі, кәсіби тілімізді процеске қатысушылар тіліне бейім-дей білуіміз керек. Көптеген елдерде тіпті түсінікті тілде жазу туралы заң жобалары қабылданған», – деген болатын. Нәтижесінде, Жоғарғы Сот



Қаржау БОЗШАҒҰЛОВ,
Ақтау қалалық Әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының төрағасы

тың «Сот үкімі туралы» және «Аза-маттық істер бойынша сот шешімі туралы» нормативтік қаулыларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар ен-гізіліп, «Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс бойынша соттың қаулы-сы туралы» жаңа нормативтік қаулы қабылданды. Осылайша, барлық сот актілерінің қарапайым тілде жазылуы арнайы заңнамамен жүйеленді. Со-нымен қатар, барлық іс бойынша шешім жарияланғаннан кейін судья қабылдаған шешімі туралы сот оты-рысына қатысушыларға түсіндіреді. Тіпті, тараптар қойған сұрақтарға да жауап береді. Мысалы, Жоғарғы Сот-тың «Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс бойынша соттың қаулысы туралы» нормативтік қаулысының 30-бөлігіне сәйкес, жарияланғаннан кейін судья қабылданған қаулының мәнін, уәжі мен құқықтық салдарын ауызша түсіндіреді, ол туралы сот отырысының хаттамасында белгі жа-салатындығы көрсетілген.

Қорыта айтсақ, «Сот төрелігінің жеті түйіні» аясында қолға алынған әрбір бағыт діттеген мақсатқа жет-кізіп, халықтың сотқа деген сенімін арттырды.

ОҢ ҚАДАМ

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ БОЛҒАН ЖАҢА БАСТАМА

Биыл шілде айында Батыс Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісінің жаңа басшысы болып, Ақжайық өңірінің тумасы Мәлік Кенжалиев тағайындалған болатын.



Қызметіне кіріскен сәттен бастап Мәлік Сәбитұлы барлық қалалық, аудандық және оған теңестірілген соттарды аралап сот ғимараттарының жай-күйімен танысты. Нәтижесінде, сапасы сын көтермейтін, ескі ғимарат-тарға жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған жобалық-смета дайындалды. Көптеген соттарға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда, облыстық сот, Орал қаласының №2 соты, Орал қалалық соты, Сырым, Жәнібек, Жаңақала, Бөкей Ордасы, Казталов ауданының №2 сотында ағымдағы жөндеу жұ-мысы жүргізілді. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының орталығы Жәнібек ауылында болған апатты жел




салдарынан аудандық сот ғимараты-ның шатыры ұшып түскен еді. Қазіргі таңда Жоғарғы Сот қаражаты есебінен сот ғимаратының шатыры толықтай ауыстырылды.

Сондай-ақ, ғимараттағы жуынатын бөлме, қаріз, жылыту қазандықтары толықтай жөнделді. Сот ғимараттары-



ның ішін ақтап-сылау, сонымен қатар пандус, электр сымдары, кіре берістегі плиткалар ауыстырылып, конвойлық үй-жайлардың жағдайы ретке кел-тірілді.

Батыс Қазақстан облыстық
сотының баспасөз қызметі



ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлық деп – мемлекеттік басқару құры-лымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған құзыретті жеке басының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қыл-мыстық іс әрекеттері танылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлт-тық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – жеке және мемлекеттік мүдделерді реттей отырып, қоғам болып жүзеге асыратын өте жауапты да маңызды шара.

Жемқорлықпен күрес қай елде де өзекті. Өйткені, сы-байлас жемқорлық азаматтардың конституциялық бостан-дығы мен құқығын бұзуға әкеліп соғады. Жылдар бойы жүргізілген әлеуметтік зерттеу азаматтардың басым бөлігін ойландыратын маңызды мәселелер арасында бірінші орын-да сыбайлас жемқорлықпен күрес тұрғандығын дәлелдеп отыр. Осы құбылыстың мемлекеттік-билік құрылымдарын-да тез тарау ерекшелігі бар. Сыбайлас жемқорлықтың өріс алуы мемлекеттік аппараттың жұмысына нұқсан келтіріп, оның беделін түсіреді. Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін ең қауіпті түрі – паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырымен жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Демек пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық сана қалыптастыру қажет. Пара-қорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болады, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді. Елімізде паракорлықтың алдын алу, жо-лын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында кеселмен күресті барлық мемлекеттік органдар мен ла-уазымды тұлғалар жүргізуі тиіс делінген. Ғасыр дертіне айналып бара жатқан проблеманы дер кезінде ауыздықтау баршаға ортақ.

С.КУСЕМБАЕВА,
Түркістан облыстық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БАСТАМА



деп сенемін»,— деген болатын. Мемлекет басшысы бұл бастаманы еліміздегі заң үстемдігін нығайтып, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғау мақсатында көтергені мәлім.

Конституциялық Сотқа жүктелер жауаптылық жоғары. Еліміздің барлық аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болып табылатын бұл құрылымға енді барлық азаматтар жүгіне алады. Тағы бір ерекше атап өтерлігі, Конституциялық Сот биліктің сот тармағына жатпайды. Бұл мәселе Конституцияда нақты шешілген. Яғни, Конституциялық Сот сот шешімдерін қайта қарамайды немесе күшін жоймайды.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз қызметіне кіріскелі отырған Конституциялық Сот жақында Мемлекет басшысы қол қойған «Конституциялық Сот туралы» заңына сүйеніп жұмысын үйлестірмек. Бұл заң 3 бөлімнен, 10 тараудан және 68 баптан тұрады. Заңда Конституциялық Сот судьяларының тәуелсіздігі мен қол сұғылмаушылығы бекітілген.

Алма Мұқанованың айтуынша, Конституциялық Соттың өтініштерді қарау рәсімі жалпы соттардағы сот ісін жүргізу тәртібінен өзгеше. Конституциялық Соттың өтініштерді қарау тәртібі бес кезеңнен тұрады. Алдымен — аппарат өтініштерін алдын ала қарайды. Бұдан кейін конституциялық іс жүргізуге өтініш қабылданады. Кейіннен Конституциялық Сот отырысында өтінішті қарау үшін материалдар дайындап, отырыс өткізіліп, соңында өтініш бойынша түпкілікті шешім қабылданады.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПІКІР

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ —
ЕЛ БОЛАШАҒЫНА
БЕЙЖАЙ ҚАРАМАУ

Еліміздің жаңа оқу жылымен қатар келген Парламенттің кезекті сессиясында Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауын жариялады. Онда жаңа, әділетті Қазақстанды құру жөніндегі кезекті қадамдар белгіленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформалардан кейінгі жолдауы әділетті қоғам құрудағы нақты қадам болды. Жолдау өте ауқымды әрі барлық сала дерлік, нақты мақсатты көрсеткіштермен қамтылған. Құжатта қарастырылған бес бағдар — экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту, заң мен тәртіп — бәрі жалпы күн тәртібінен туындаған ел сұранысына жауап іспеттес.

Жолдауда Мемлекет басшысы кезектен тыс Президент сайлауы өтетінін мәлімдеді. «Мен биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын. Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын», — деді.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет екендігін атап өтті. «Президент мандатының ұзақтығын 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ қайта сайлануға тыйым салынады», деді осы ретте.

Қоғам мен мемлекет үшін үлкен және маңызды мақсаттар мен міндеттерге бағытталған жаңа үміттер мен бағдарларға толы сайлау 2022 жылдың

20 қарашасында өтеді. Оның басты мақсаты — қоғамның саяси жүйесін қайта жаңғырту. Жаңа уақыт жедел шаралар қабылдауды талап етеді. Күн тәртібінде түрлі бастамалар, жобалар бар, олардың миссиясын білу үшін биылғы жазда конституциялық түзетулер пакетін қабылдау бойынша референдум өткізумен бірге біздің еліміз кірген қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық шындықты мақсатты түрде негізге алу жеткілікті. Бұл жүргізіліп жатқан реформалардың, атап айтқанда кезектен тыс Президенттік сайлаудың мәні.

Қазіргі таңда сайлауға қатысатын сайлаушылар тізімі жасалып бекітілді. Президенттікке үміткерлер өздерін ұсынып, тіркелді. Біз де өз тарапымыздан Мемлекет басшысының жолдауында айтылған бастамаларын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінің студенттері мен азаматтық құқық және азаматтық құқық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушылары арнайы талқылап өттік. Алдағы уақытта еліміз үшін алдағы шараға ел азаматы ретінде белсене қатысамыз.

Сайлауға қатысу ел болашағына бейжай қарамау, мемлекеттің өркендеуіне үлес қосу. Біздің әрқайсысымыздың дауысымыз маңызды. Сондықтан дұрыс таңдау жасау мүмкіндігін жүзеге асыруымыз қажет.

С. ЕРМУХАМЕТОВА,
з. ғ. к., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының аға оқытушысы
Ж.АЛКЕБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Азаматтық құқық және азаматтық іс
жүргізу, еңбек құқығы

КӨКЕЙКЕСТІ

ЕСЕП БІЛМЕЙТІНДЕР
БАНКТІҢ «ЖЕМІ»

Халықтың цифрлық және қаржылық сауаттылығы жедел жаһандық технологиялық даму кезеңінде ерекше рөл атқарады. Бұл саладағы табыстар адам капиталының дамуына және жалпы халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етеді. Жалпы, Қазақстан халқы саңдық игіліктерді өндіріске енгізуден кенже қалып отырған жоқ. Сондай-ақ, қаржылық білімді игеруде де белсенділік байқалады.

Мәселен, ЭБІДҰ-ның «2021 жылы ТМД елдеріндегі қаржылық сауаттылық» есебіне сәйкес Қазақстанның ересек тұрғындары қаржылық сауаттылық, қаржылық білім мен мінез-құлық, қаржылық әл-ауқат сияқты көрсеткіштер бойынша орташадан жоғары нәтиже көрсетіпті. Бұл ТМД елдері бойынша 19 пайыздық орташа деңгейден сәл жоғары. Сонымен қатар, ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстан ақшаны сақтау сияқты көрсеткіштер бойынша көш бастап тұр. Атап айтқанда, жинақ шоттары бойынша — 30% (ТМД бойынша орташа — 13%), және мерзімді депозиттер бойынша — 7% (ТМД бойынша орташа — 3%) деңгейге жеткен. Сондай-ақ, елде сауалнама жүргізу бойынша қолға алынатын ішкі жыл сайынғы социологиялық зерттеулердің мәліметтері және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің әдістемесіне сай халықтың қаржылық сауаттылық деңгейінде және қаржы нарығының дамуында оң динамика байқалады.

Айталық, Қазақстан азаматтарының қаржылық сауаттылық индексі 2021 жылы 39,52 пайызға жетіп, 2020 жылмен салыстырғанда 0,45 тармаққа өсті. Ең жоғары деңгей «меншікті қаржы ресурстарын басқару» сегментінде қол жеткізіліп, бұл

көрсеткіш 42,57 пайызды қамтыды.

Жалпы, елімізде цифрлық сауаттылыққа қатысты да тамаша көрсеткіш қалыптасқан. BNS ASPIR RK зерттеуіне сәйкес, Қазақстан халқының цифрлық сауаттылық деңгейі тұрақты өсіп келеді. Бүгінде цифрлық құрылғылар мен интернетті пайдалану дағдылары бар 6-74 жас аралығындағы респонденттердің үлесі 2021 жылы 87,3 пайызға жетті. Өңірлік тұрғыда халықтың цифрлық сауаттылығының ең жоғары деңгейі елордада (94,7%), Алматыда (91,5%) және Алматы облысында (91%) байқалып отыр.

Токетерін айтқанда, қаржылық сауат жағынан біз қазақстандықтар қара жаяу емес сияқтымыз. Мұны қаржы сарапшылары да айтады. Мәселен, GSB UIB директоры, экономист Мақсат Халықтың пікірінше, халқымыз үшін белгілі деңгейде қаржылық сауаттылық құндылыққа айналды деуге негіз бар. Бұған көп жағдайда аяқ астынан болатын теңге девальвациясы сынды шаралар әсер етеді. Олар «шоковая терапия» секілді жүріп, халық үшін нақты тәжірибе болуда. Яғни, төл ақшамыздың күрт құнсыздану процестері қаржылық сауаттылықты игеруге мәжбүрлейді.

Азаматтар теңгенің құнсыздану мүмкіндігін естен шығармай, ақшаны әрдайым әртүрлі валютада сақтау қажеттігіне көз жеткізеді. Бұл қаржылық сауаттылықтың бір деңгейі. Нақтырақ айтқанда, ақшаға қатысты қауіптердің алдын алуға бейімделу бар. Ал шын мәнінде бұл бағытта жүйелі жұмыс істеу тетіктері айқындалған арнайы бағдарлама әлі күнге қарастырылмаған. Осының салдарынан халық қарызға бата береді.

Мысалы, бүгінгі таңда елімізде 1 млн 500 мыңнан астам азамат несиеден төлей алмай жүр. Олардың арасында бір несиенің үстіне екінші несие алып әбден тығырыққа тірелгендері аз емес. Солардың көпшілігі несие алу барысында шарттарды дұрыс түсінбегендер, яғни алмақтың да салмағы барын ұқпағандар. Шын мәнінде бүгінде несие-өлдердің пайыздық үстемексіз өте көп. Олар 56 пайыз көлемінде. Шағын несие ұйымдарында бұл көрсеткіш тіпті жоғары. Банкер өз тұтынушыларына несие аз пайызбен ұсынып таратады. Мысалы, қарыздың пайыздық өсімі 20 пайыздан басталады деп жарнама береді де, келісімшарттар жасалу барысында 56 пайыз деңгейіндегі жылдық өсімақы негізге алынады. Бұл 1 млн теңге қарызды 2,5 млн теңге етіп қайтару деген сөз. Келісімшарттардағы осы ұсыныстардың нақты жазылмауы азаматтарды шатастырады. Мұны әрине, қаржылық сауаты барлар ғана түсінеді. Ал, бұдан хабарсыздары банкер не айтса соны құп алады. Коммерциялық ұйым болғандықтан олардың негізгі мақсаты пайда табу. Осы

тұрғыдан келгенде банкер көбірек халықтың сеніміне кіруге тырысады. Сонымен қатар, несие алатын тұтынушыны көп тартқаны үшін жалақыға қосымша бонус төленетіндіктен банкер қызметкерлері де азаматтардың жағдайынан гөрі, өзінің қаржылық мүддесін көбірек ойлайды.

Шетелдерде несие пайызы 20 пайызға жетпейді. Жалпы, бұл көрсеткіштердің тым жоғары болуы қай жағынан да қауіпті. Басқасын айтпағанда, бұған азаматтардың төлем қабілеті жетпейді. Сонымен қатар, өндірістердің қаржыландырылуын шектеп, жалпы ұлттық өнімді азайтатын үрдіс. Шетелдерде қаржылық операциялар, сатып алу үрдістері несие қартасымен жасалады. Тұтынушылар бұл төлем құралын қолданудан қорықпайды. Себебі, оның өсімі төлем қабілеттеріне сай. Оларда

елеарналарда арнайы бағдарламалардың жүргізілуі де азаматтардың қаржылық сауатын көтерудің бір мүмкіндігі. Ұлттық банктің бұл тұрғыда арнайы бағдарламасы болғанымен, оның тиімділігі көрінбей отыр. Шын мәнінде қаржылық алақтыққа ұрынып жататындар көбіне қазақтілділер. Қаржылық сауат ашу ісі осы сегменттің арасында басым сипат алу керек болса, біздегі Ұлттық банктің осы бағыттағы сайтының атауы орысша. «Fingramota.kz». Оның ішінде қазақ тілді материалдар болғанымен, атауына қарап-ақ қазақ тілді қауым бұл сайтты айналып өтері анық.

біздікіндей дебеттік карталар пайдаланылмайды.

Сол секілді қарыздың тек пайызын төлеу мен бөліп төлеудің айырмашылығын білмей де ұтылып жататындар бар. Пайыздық өсім ақысын төлеген жағдайда қарыздың көлемі азаймайды. Осындай шартпен несие алғандар қанша төлесе де қарызының мұрты бұзылмай тұрғанына таңғалып жүреді. Келісімшарттың ішіндегі инфляция жағдайында қарыз қайта қаржыландырылады деген

талапқа мән берілмейді. Оны банк менеджерлері де өз қалтасын ойлағандықтан көрсетуге құлықсыз. Ал, бұл шартты назардан тыс қалдыру ақша құнсызданған кезде қарыз үстемесінің артуына алып келеді.

Бөліп төлеу арқылы тауар алуы тиімді санап, қарыздың құрығына түсіп кететіндер де бар. Қарыз отбасылық кірістің көп дегенде отыз пайызынан аспауы керек. Өкінішке қарай, азаматтар қаржылық сауатының әлсіздігінен қарызының табыстың елу пайызына жетіп қалғанын байқамай қалады.

Сол секілді қаржылық алаяқтарға алдану процестері жиілеп кетті. Олар қазіргі таңдағы ақпараттық технологияның дамуына байланысты ұялы телефондар арқылы жасалады. Мұндай алаяқтар неше түрлі банктің атынан хабарласады. Мәселен, қазіргі теңгенің құнсыздануына орай депозиттерге он пайыздық үстемақы берілетіндігі жайлы шешімді олар ұтымды

маттардың осы жүйеге көптеп тартылуы қауіпті үрдіс болып отыр. Олар өйткені, туыстарын, таныстарын, достарын тартып, бұл қылмыстың өрісін кеңейте түсуде. Тек осындай әрекеттерге қатысты былтыр 30 қылмыстық іс ашылып, тергеу жүргізіліпті.

Хакерлік шабуылдар да ақпараттық технологиямен келген қатер. Осының бәрі азаматтардың қаржылық, цифрлық тұрғыда сауатты болуын қажет етеді. Мемлекет тарапынан арнайы бағдарлама қабылданып, мектеп жасындағы балалардың қаржылық сауатын ашу керек. Бастауыш сыныптарда сатып алынған тауарға түбіртек сұрау, ол жарамсыз болып шыққан кезде қайтару қажет секілді тұтынушының құқықтары үйретілуі қажет. Жоғары сыныптарда «Экономикаға кіріспе» сынды пәндер оқытылса құба-құп.

Телеарналарда арнайы бағдарламалардың жүргізілуі де азаматтардың қаржылық сауатын көтерудің бір мүмкіндігі. Ұлттық банктің бұл тұрғыда арнайы бағдарламасы болғанымен, оның тиімділігі көрінбей отыр. Шын мәнінде қаржылық алаяқтыққа ұрынып жататындар көбіне қазақтілділер. Қаржылық сауат ашу ісі осы сегменттің арасында басым сипат алу керек болса, біздегі Ұлттық банктің осы бағыттағы сайтының атауы орысша. «Fingramota.kz». Оның ішінде қазақ тілді материалдар болғанымен, атауына қарап-ақ қазақ тілді қауым бұл сайтты айналып өтері анық.

Токетерін айтқанда, азаматтардың қаржылық сауаттылығы мемлекеттің тұрақтылығын, қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шешуші факторы. Өйткені, нақ осы мәселенің шешімі біздегі қаржы ағынының дұрыс бағытталып, экономиканың сауығуына, азаматтардың әл-ауқатының артуына кепіл бола алады. Сондықтан Үкіметтің бұл мәселеге қатысты жүйелі іс әрекет жасайтын кезі әлдеқашан туған.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МЕЙІРІМ КӨРМЕГЕНДЕР ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА БЕЙІМ

100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспары еліміздегі көптеген игі бастамалардың алтын тамыры болды. Осы стратегиялық маңызды құжатта құқық бұзушылықтың алдын алу, зорлық-зомбылық фактілеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мәселесі басты орынға қойылған. Бұл міндеттерді жүйелі жүзеге асыру үшін Бас прокуратурада «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасы іске асырылған еді.



Еліміз егемендігін алғалы бері әйелдердің занды мүдделері мен құқықтарын қорғауда және тұрмыстық қылмыстардың алдын алу саласында оң нәтижеге қол жеткізілді. Мемлекетіміз 1997 жылдан бастап әйелдердің ар-намысын қорғайтын, құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін, конституциялық қағидаларды жүзеге асыруды көздейтін, әйелдердің жағдайын жақсарту туралы мемлекеттік саяси концепцияны іске асыруда. Әлемнің көптеген аймақтарында әйелдерге қатыгездікпен қарау бұрынғысынша жасырылып келеді, мойындалмайды, маңыздылығы бойынша кейінге қалдырылады, оған шыдамдылықпен қарайды және ол тиісті мәдени норма және салт ретінде түсіндіріледі. Әлемде зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы істердің жағдайы бойынша әр жыл сайын шолу жасалып, баяндама дайындалады.

ДДҰ-ның зорлық-зомбылықтың жаһандық таралуы туралы мәліметтеріне сәйкес, әлемде әйелдердің 35% өз серігінің тарапынан немесе басқа тұлғалар тарапынан жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Орта есеппен ер адаммен қарым-қатынаста тұратын әйелдердің 30% өзінің серіктесі тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықтың қандай да бір нысанына ұшырайтыны туралы хабарлаған. Әлемде әйелдерді өлтірудің 38%-на дейін фактілерін олардың серіктері жасайды екен.

Бүкіл жер-әлемдегі әйелдердің әрбір бесіншісі еркек кіндіктіден жәбір көреді немесе зорлық-зомбылықтың құрбаны болады. Әділеттілік пен ізгілікке

ұмтылып келеміз, неше түрлі қылмыс пен әлгіндей келенсіздіктер біздің елде де бар. ІІМ-нің аумақтық бөліністері тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалатын зорлық-зомбылық деңгейін, нысандары мен тәсілдерін зерделеу мақсатында сауалнамалар, зерттеулер жүргізгенде, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көпшілігі әйелдерге қатысты болатыны дәлелденген. Сол себепті бүгін отбасындағы зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алудың тіптен жаңа жолдарын іздестіру маңызды. Осындай әрекеттердің алдын алуда әлеуметтік-құқықтық шараларға басымдық беру керек.

БҰҰ-ның Сан-Франциско қаласында өткен бірінші Бас Ассамблеясы барысында әйел-делегаттар әйелдердің проблемаларына арнайы назар аударуды талап етті. Сол кезде құрылған Адам құқықтары бойынша комиссия жанындағы Әйелдердің жағдайы жөніндегі шағын комиссия нәтижесінде 1946 ж. БҰҰ-ның Әйелдердің жағдайын жақсарту бойынша Дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік комиссия жанындағы комиссиясы болып қайта құрылды.

Кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 жылы Азаматтық әрі саяси құқықтар туралы халықаралық актіні және Экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні қабылдады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 10-бабына сәйкес қоғамның шынайы және негізгі бөлшегі болып табылатын отбасына мүмкіндігінше ең кең көлемді қамқорлық көрсетілуі және жәрдем берілуі тиіс. Нәтижесінде осы

негіз қалаушы халықаралық-құқықтық құжаттар адам құқықтары саласындағы баска да нормаларды жасауда кайнар көзге айналды. Қоғамның негізгі бөлшегі ретіндегі отбасын мемлекет тарапынан әлеуметтік-құқықтық қорғаудың басым сипаты туралы ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1995 жылғы 26 мамырда қабылдаған Адам құқықтары және негізгі бостандықтары туралы конвенциясында, сондай-ақ, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің көпшілігінің конституцияларында қамтылған.

1981 жылғы конвенцияның 17-бабына сәйкес, Әйелдерге қарсы кемсітушілікті жою бойынша комитет ресми түрде құрылды, оның міндеттеріне қатысушы-мемлекеттердің конвенцияның ережелерін жүзеге асыруын бақылау кірді. Конвенцияны қабылдау барысында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық саяси мәселе ретінде қабылданды. Алайда №19 нұсқаулығында (1992) комитет отырысының барысында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық кемсітушіліктің бір түрі деп танылды. Комитет өзінің жалпы нұсқаулығында жазылғандай «отбасындағы зорлық-зомбылық – әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың ең жасырын нысандарының бірі. Ол барлық қоғамдарда кең таралған. Отбасылық қатынастар аясында әртүрлі жастағы әйелдер ұрып-соғуды, зорлады және жыныстық қылмыстардың басқа да нысандарын, психикалық террорды және зорлық-зомбылықтың әдет-ғұрыптық көзқарастардан қолдау табатын басқа да түрлерінің құрбаны болатынын» түсіндіре отырып, маңызды қадам жасады. Бұл жұмыстың сәтті жүруіне мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының біріккен күшінің нығаюы септігін тигізеді, әсіресе, отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелерін практикалық тұрғыда шешумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдармен әрекеттестіктің зор ықпалы бар.

Отбасындағы ата-ананың мінез-құлқы – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Шылым шегу, ішімдікке үйірлік, бұзықтық жолға түсіп, зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді. Салауатты өмір сүру үшін жаман қылықтардан, сондай-ақ, зорлық-зомбылықтан аулақ болу керек. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. Сондықтан да, бала тәрбиесіне екі жақты болып, яғни мектеп пен ата-ана болып, бала жүрегі мен санасына гүл сепкендей білім, тәлім мен тәрбие, адамгершілік құндылықтарын ақылмен ексеk, келешекке алаңдамауға болады.

Жанат КОПБАЕВА,
Астана қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет – бүкіл мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруда жетекші рөл атқаратын, мемлекеттік жүйенің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз өз жұмысын жүзеге асыра алмайды. Мемлекетке деген сенім, қазіргі қоғам талабына сай мемлекеттік қызметшіден басталады.

Мемлекеттің басты тірегі, оның идеясы мен саясатын жүргізетін – мемлекеттік қызметші. Демек, мемлекеттік қызметші болу, ұлттың мәртебесін көтеру, ел намысын көтеру – абыройлы парыз. Өйткені, мемлекеттік қызметші – жоғары биліктің, іскерліктің тұлғасы. Оның басты міндеті – туған Отаны мен халқына адал қызмет етуімен бағаланады. Өңіріміздің қарқынды дамуы мем-

лекеттік қызметкерлердің тәжірибесіне, талпыныстарына және күш-жігеріне тікелей байланысты. Қала тұрғындарының әл-ауқатын және олардың болашағын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік қызметкерлер жауапты. Сондықтан биліктің ауқымды міндеттері мен биік максаттары барша мемлекеттік қызметкерлердің жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады және оны абыроймен алып жүру – бұлжымас міндет. Сіз бен біздің қабылдаған әр шешімнің артында қаншама адамның, отбасының тағдыры тұр. Сондықтан да, қандай да бір шешім қабылдарда эмоцияға ерік бермей, оның салдарын саралай білуіміз керек.

Мемлекеттік қызмет – жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін абыройлы, мерейлі міндет!

ЖЕСЕНОВА,
Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ТАРАЗЫ

«Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады», – деген екен ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы. Жер бетіндегі кез келген халықтың мәңгілік болып қалуы – ұлт тілінің сақталып қалуымен байланысты. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан тіл үшін күресуге міндеттіміз.

«СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ, ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қызу талқылаудың тақырыбына айналған басты мәселенің бірі – тіл мәртебесі. Тілге қатысты талаптар жүзеге асырылуы керек, соның ішінде ең бастысы, мемлекеттік ұжымдардың хат алмасуы тек қана қазақ тілінде жүргізілуі қажет.

Әр халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау және тілге немқұрайлы қарау қауіпті. Мұстафа Шоқайдың «Баланды қай тілде тәрбиелесең, түбінде сол елге қызмет етеді», – деген накыл сөзі терең ойлануға түрткі болары анық.

Әр мемлекеттік мекеме қызметкерді жұмысқа қабылдағанда мемлекеттік тілді жетік білуді қаперде ұстағаны жөн. Сонда тілді үйренуге деген қажеттілік туындар еді. Сонымен қатар, әр өткізілетін жиналыс пен отырыстар тек қана қазақ тілінде жүргізіліп, хаттамалар мен қажетті құжаттар қазақша толтырылса, тілге деген көзқарас өзгеретіні күмәнсіз.

Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін, оның құзыретін іс жүзінде нығайту бәрімізге артылған жауапкершілік, барша қазақстандықтардың ортақ ісі деп қабылдаған абзал. Отбасынан бастап, ел басындағы азаматтарға дейін тілдік құндылығымызды арттыру бойынша табанды жұмыс жүргізу керек. Яғни, бұл үрдісті жеделдетуге қолымызда бар ресурстарды, мүмкіндікті пайдалана отырып, баршамыз атсалысуымыз қажет.

Айнұр САБЫР,
Қарағанды облысы бойынша соттар әкімшісінің құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маманы

АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ТЕГІН

Конституцияның 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізетін болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын аудару тегін.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Десек те, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің әрбір мемлекеттік қызметкері мемлекеттік тілді қадірлеп, мәртебесін көтеруге өз үлесін қосуы қажет.

Бибігүл ДЕМЕНОВА,
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу сотының кеңсе меңгерушісі

ТІЛСІЗ ТІРЛІКТІҢ ТАСЫ ӨРГЕ ДОМАЛАМАЙДЫ

Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының борышы. Тіл – халықтың жаны, мәдениетіміздің айнасы. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – қазақ тілін құрметтеу, оны білу – әрқайсысымыздың асыл парызымыз. Сонда ғана мемлекетіміздің мәртебесі өседі. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұтаралық келісім орнығып, өзара жарасым тапқан, тату елміз. Мемлекеттік тіл – өзге ұлттарды ортақ мақсатқа ұйыстырудың құралы болуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев өз жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн» деген болатын. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын одан әрі кеңейту мақсатында сот саласы қызметкерлерінің іс қағаздары толық қазақ тілінде жүргізіліп келе жатқанына да бірнеше жыл болды. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында Соттар әкімшісі мен жергілікті соттардың қызметкерлері арнайы семинар сабақтарына қатысып, процессуалдық іс жүргізуді қазақ және орыс тілінде жүргізу жөнінде сабақ алып, біліктілігін арттырып, сертификаттар алуда. Сотқа мемлекеттік тілде түскен істерді қарау судьяларға қиындық тудырмайды, алайда келіп түсетін арыздардың көпшілігі ресми орыс тілінде. Бұл әркімнің конституциялық құқығы. Дегенмен, қай кезде де мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге атсалысқанымыз жөн.

Мемлекеттік тілдің тағдыры жаны қазақ азаматтарды алаңдатпай қоймайды. Әрбір елдің өз тілі болады емес пе? Мен ана тілім қазақ тілі болғанына өте қуанамын. Қазақ тілі өте терең әрі бай тіл. Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі болса, ал ең сұлу тіл – қазақ тілі деп айтар едім. Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Сондай-ақ, өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Тілсіз тірліктің тасы өрге домалайды десе, қателесесіз.

З.ТЕМІРХАН,
Түркістан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының хатшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТЕР ҚҰРАМЫ КЕҢЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Спикердің сөзінше, 2007–2009 жылдары алқабилер өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын қылмыстар бойынша істерді қарады. Осы кезеңде алқабилердің қатысуымен жылына 50-ге жуық іс қаралды. (2007 жылы – 36 іс, 2008 жылы – 44 іс, 2009 жылы – 65 іс). Бұл – соттар қараған барлық аса ауыр қылмыстық істердің шамамен 9 пайызы.

2010–2012 жылдары алқабилер қарайтын істер санаты бүкіл аса ауыр қылмыстарға кеңейтілді. Мұндай қадам алқабилердің қатысуымен қаралатын істер санының 10 есеге артуына мүмкіндік берді. Істердің саны жылына 300-ден асты, бұл – соттар қараған барлық аса ауыр қылмыстық істердің 14 пайызын құрайды.

2013 жылдың шілдесінде алқабилер соты қарайтын істер санаттары қайта азайтылды, олардың қарауына тек өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыруға әкеп соғатын істер ғана қалды. Мұндай өзгеріс алқабилер қатысатын істердің күрт төмендеуіне әкелді. Осылайша халық өкілдері жылына шамамен 50-60 істі ғана қарады. Бұл – соттар қараған бүкіл аса ауыр қылмыстық істердің шамамен 3%-ын ғана құрайды.

2015 жылы алқабилер қарайтын істер санаты аса ауыр қылмыстардың 14 құрамына дейін кеңейді. Ал 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заңға сәйкес алқабилер сотының соттылығы тағы 16 құрамға көбейтілді. Соның нәтижесінде келесі жылдан

бастап алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстардың түгелге жуығы (31 құрамы) қаралатын болады.

Заң жобасын таныстыру барысында алқабилердің соттылығын кеңейту және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап тағы 13 ауыр қылмыс құрамын беру көзделетіні мәлімделді. Бұл Қылмыстық кодекстің:

- 116-баптың 2, 3-бөліктері (адамның дене мүшелерін заңсыз алу);
- 146-баптың 2, 3-бөліктері (азаптау);
- 249-баптың 2-бөлігі (рейдерлік);
- 317-баптың 4-бөлігі (медицина қызметкерінің әрекеттерінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның қаза болуы);
- 335-баптың 4-бөлігі (ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау);
- 337-баптың 4, 6-бөліктері (ауыр салдарға әкелген заңсыз аң аулау);
- 345-баптың 4-бөлігі (көлік құралын басқарғанда абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы);
- 345-1-баптың 4-бөлігі (көлік құралын мас күйінде басқарып, екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы);
- 346-баптың 5, 6-бөліктері (көлік құралын басқару құқығынан айырылған және мас күйінде көлік басқарғанда адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы).

Жалпы алғанда, алқабилер сотының қарауына 44 құрам жата-тын болады.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ТҮЙТКІЛ

АЛАЯҚТАР АЯУШЫЛЫҚТЫ БІЛМЕЙДІ

Алаяқтық қылмысынан зардап шегушілер жыл өткен сайын көбейіп барады. Әсіресе, соңғы кезде интернет-алаяқтық кең өріс алуда.

Азаматтардың құқықтық сауатын көтеріп, қылмыс орбитасына тартылмауы үшін жаса-лып жатқан жұмыстар аз емес. Соның ішінде сот саласы да заннамаларды түсіндіру, азамат-тарды алаяқтардан сақтандыру бағытында іргелі істерге мұрындық болып жүр. Өкініштісі сол, азаматтар ресми деректен гөрі алаяқтардың сөзіне көбірек сенеді.

Алаяқтық қылмысының көбеюіне ықпал етіп отырған азаматтардың өздері. Себебі, жеңіл жолмен табыс табуды көздейтін жандар ешкімді ақша беруге мәжбүрлемейді, күш қолданбайды. Алаяқтықпен істі болған жандардың көпшілігі жоғары білімді, азаматтардың психологиясын жақсы біледі, көпшілікпен тез тіл табысып, сеніміне кіруге өте бейім бо-лады. Осындай қасиеттерді меңгергендіктен, қарапайым халық қанша күдіктеніп тұрса да «жалақысы жоғары жұмысқа тұрғызып беремін, үлкен сомда несие алуға көмектесемін, тұрғын үй кезегін жылжытуға ықпал етемін» деген сөзге сеніп, қолындағы барын алаяқтың алақанына салады. Ең қызығы, көп тұрғындар өзінің алданғанымен қоймай, туыстарын, әріп-тестерін, достары мен көршілерін де алаяқтар қақпанына түсіріп жатады. Ал алданушылар көбейген сайын уәдені үйіп-төккен қылмыскерлер кейіннен мекенжайын өзгертіп, телефон номерін ауыстырып алғанын қайтармаудың амалын жасайды.

Кез келген қылмыстың өтеуі – жаза. Біреудің ақ адал ақшасын алдап алған алаяқтар да күндердің күні жазаға тартылары күмәнсіз. Кейде өзінің алданғанын намыс көріп құзырлы орындарға арыз жазудан бас тартатындар да бар. Дегенмен, алаяқтардың көбі қылмыстық жазадан құтылмайтынын айта кеткеніміз жөн. Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық қылмысы үшін берілетін жаза көрсетілген. Осы баптың 1-бөлімі алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке қуқықты иемдену қылмысы үшін жаза белгілейді. Яғни, мұндай құқықбұзушылыққа жол бергендердің мүлкі тәркіленіп, 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұ-мыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан жағдайға жаза тағайындалады. Қылмысқа қатысушылар саны артып, қылмыс құрамы көбейген сайын жаза да ауырлай түседі. Мәселен, алаяқтық адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; адам өзінің қызмет бабынан пайдалана отырып; ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау не-месе сенімнің теріс пайдалану жолымен; мемлекеттік сатып алу саласында жасалған жағдайда жаза алдыңғыдай жоғары. Мұндай алаяқтық үшін сотталушының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дей-інгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, 4 мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыс-тарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сәйкесінше алаяқтық ірі мөлшерде; екі немесе одан да көп адамға қатысты; бірнеше рет жасалған жағдайда жаза тіптен жоғары.

Занның бұл баптарын жеңіл жолмен табыс тапқысы келетіндердің қаперіне қайта-қайта салып тұру артықтық етпейді. Одан бөлек, қарапайым азаматтарды алаяқтардан сақтанды-руға да жеткілікті деңгейде көңіл бөлгеніміз абзал. Себебі, азаматтар ең алдымен сауатының кемдігінен қылмыс құрбаны болып жатады. Кейбір жандар ақпаратты тексеруге, мәліметтің шынайылығына көз жеткізуге мән бермейді. Бүгінгідей ақпараттық заманда мемлекеттік қызметке тұру, балабақшаға орналастыру, жоғары оқу орнына түсіру, үй кезегін жылжыту сия-қты қызметтердің ашық жүргізілетіні белгілі. Ендеше, осындай өз ретімен атқарылатын іске орта жолдан пара беру – сауаттың төмен екенінің дәлелі. Мұны интернет-алаяқтар да тиімді пайдалануда. Ғаламтордан күмәнді дүкендерге тапсырыс беріп, алдын ала ақша аударымын жасаған жандар да алаяқтарға алданғанын кеш біліп жатады. Міне, осындай келеңсіздік-тер жиі орын алмасын десек, жақындарымызды алаяқтардан сақтандырайық! Кез келген ақпаратты, соның ішінде өте арзан тауар, қызмет ұсынғандарға күмәнмен қарап, деректерді тексеруге үйренгеніміз абзал. Өйткені, өзіміз сақтық жасамасақ, алаяқтар аяушылық дегенді білмейді. Қылмыскерлерге адами сезім қашан да жат.

Дина ТОЙЖАНОВА,
Сайрам аудандық сотының судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

АЛТЫН КӨПІР



ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫНА – 30 ЖЫЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек Түркия үкіметі жыл сайын Қазақстан азаматта-рына «Түркияның стипендияла-ры» бағдарламасы бойынша 200-ге жуық грант бөліп тұрады. Соның нәтижесінде бүгінде екі елдің оқу гранттарымен қатар, өз күшімен және жоғары оқу орындары ара-сындағы серіктестік бойынша оқып жатқан жастар саны жүздеп емес, мыңдап саналатын жағдайға жетіп отыр.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік туралы келісім 2009 жылы жасалған екен. 2012 жылы 22-24 мамырда Режеп Ердоғанның Премьер-Министр ретінде Қазақстанға ресми сапары кезінде Жоғары деңгейлі Стратегия-лық ынтымақтастық кеңесін құру туралы ортақ мәлімдемеге және «Жаңа синергия» ортақ экономика-лық бағдарламасына қол қойылды.

Соңғы жылдары екі елдің ара-сындағы сауда айналымын 10 млрд долларға дейін ұлғайту жайы жиі сөз болып жүр. Қазақстан мұнай, уран сияқты аса маңызды энерге-тикалық ресурстарға бай. Әуе, су және құрлықтық қатынас жолдары-ның аса маңызды торабында орна-ласқан Түркия болса жеңіл өнер-кәсіп бұйымдары мен тек жылы жактарда ғана өсетін бірқатар ауыл шаруашылығы өнімдерін әлемдегі ірі экспорттаушылардың бірі. Кей-інгі кезде тұрмыстық техникалық бұйымдар мен машина жасау са-ласында да зор жетістікке жеткен Түркия өнімдерінің тұтынушысы Қазақстанда да аз емес. Сол себепті, тауар айналымы бойынша жоспар-ланған жежені бағындыруға мүм-кіндік бар. Оған Түркияның туризм саласының қосар үлесі қомақты. Оны Түркітілдес журналистер ко-рының Түркияға ұйымдастырған сапары барысында біздің де көзіміз жетті.

Әлемдік туризмнің көшбасшысы

Туризм – Түркия экономика-сының аса маңызды салаларының бірі. Туристер көп келетін елдердің ондығына кіретін Түркияда БҰҰ-ның білім және мәдениет саласын-дағы ұйымы (ЮНЕСКО) тарапынан мойындалған 17 әлемдік мұра және 51 әлемдік мұра ескерткіші бар. Мыңдаған жылдық тарихы бар ны-сандарды көру үшін саяхатшылар мұнда дүниенің түкпір-түкпірінен ағылып кеп жатады. Оның ішінде Еуропа мен Азияның ортасында орналасқан және үш бірдей импери-яның астанасы болған Стамбұл және ондағы Еуропа мен Азияны жалғайтын Босфор көпірін көру үшін келетіндердің үлесі басым. Мәселен, 2019 жылда Түркия ше-телдік туристердің саны жағынан әлемде 6-орын алды. Түркияның мәдениет және туризм министрлі-гіне қарасты мекемелердің есебіне қарағанда биыл мұнда 8 айдың

ішінде 32 млн 590 мыңнан астам шетелдік турист келіпті. Бұл 2019 жылдың сәйкес уақытымен салыс-тырғанда 5 пайызға кем. Дегенмен жыл соңына дейін шетелдік тури-стер саны 2019 жылғы 51,2 милли-ондық межеге жетеді деген үміт бар.

Түркітілдес журналистер қоры-ның атынан барған қазақстандық және ұйымдастырушылар тара-пынан шақырылған Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан журналис-теріне жол көрсетушілердің сөзіне қарағанда, Түркиядағы 16 қалада қауіпсіз, тыныш деген мағынаны білдіретін «cittaslow» деген бел-гі бар. Соның бірі – Изник. Бұл қаланы атап өтуге себеп болған нәрсе 2020–2021 жылдары әлемді аяғынан тік тұрғызған коронавирус індеті кезінде халықтың тұрмыстық жағдайда әдеттегіден көбірек тұты-нуы нәтижесінде суы азайған Ник көлінің жағалауынан әйгілі Никея шіркеуінің орны табылды. Үшін-ші ғасырда салынған бұл шіркеу мұндағы ең көне діни ғибадатхана болып табылады. Оны түрік архе-ологтары көптен бері іздеп, таба алмай жүрген болатын.

Көпшілікті қызықтырған көне қала

Осы арада айта кететін бір жайт, 1331 жылы Орхан сұлтан Изникті

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

жаулап алғанға дейін оның атауы Никея деп аталған. Оны Орхан сұл-тан Осман империясының алғашқы астанасы болған Бұрсаны 1326 жылы бағындырған соң, арада 5 жыл өткенде, яғни 1331 жылы жа-улап алған екен. Бүгінгі таңда қа-лада VII ғасырда салынып, XIV ға-сырдан бері мешіт ретінде жұмыс істеп тұрған тағы бір шіркеу бар. Түркиядағы кейбір көне мешіттер секілді ол да бірнеше мәрте өр-теліп, кейін қалпына келтірілген соң өз жұмысын қайта жалғасты-рып отырған. 45 мың тұрғыны бар қаланың қазір орталық мешіті саналады.

Изник қаласының негізі қашан қаланғаны әлі күнге дейін белгісіз. Ғалымдар оның біздің дәуірімізге дейінгі 316 жылы қайта қалпы-на келтіріліп, 301 жылдан бастап Никея аталғанын ғана анықтады.



Христиан дінінің дамуында үлкен рөл атқарған бұл қала 1078 жылы түрік-селжуктардың билігінде бо-лып, 1097–1330 жылға дейін қайта византиялықтар иелігіне өткен еді. Сондай-ақ, 1204–1261 жылдары Никея империясының астанасы да болған. XVI – XVII ғасырларда де-каративтік керамика өндірісінің ор-талығы ретінде танылған бұл қалаға туристер қазіргі таңда византиялық қорған қабырғаларын көруге жиі келеді.

Жалпы, 85 млн халқы бар Түр-кия бүгінгі таңда экономикалық қана емес, әскери қуаты жағынан да Еуразия құрлығында көшбасшы елдер қатарында тұр. Тілі, діні, мәдениеті жағынан да туыстас түркі халықтары үшін бұл мем-лекет соңғы ширек ғасырда түркі әлемінің орталығына айнала баста-ды. Айналасын Қара, Жерорта, Эгей және Мәрмәр сияқты 4 теңіз қоршап жатқан Түркия 11 елмен шекаралас. Атап айтқанда құрлықта шығысында Грузия, Әзірбайжан, Иран, Армения мемлекеттерімен, батысында Болгария және Грекия-мен, оңтүстігінде Ирак, Сириямен, ал солтүстігінде Қара теңіз арқылы Румыния, Украина, Ресеймен шек-теседі. Жерінің 97 пайызы Азияда, 3 пайызы Еуропада орналасқан бұл елде туризм саласын дамытуға қа-жетті жағдайдың бәрі бар.



ӘКЕДЕН – АҚЫЛ, АНАДАН – МЕЙІР

Мамандықты, кәсіпті адам өзі таңдайды. Жүрек қалауымен таңдалған мамандық азаматты құрметке бөлейді, мәртебелі, сыйлы етеді. Совет Мұхамбетқалиев осындай өрен еңбегі, әділетшіл мінезі, кәсіби шеберлігімен көпке үлгі болған тұлға. Оның сот саласында табан аудармай 41 жыл істеуі де осы сөзіміздің дәлелі.



Сот саласы кез келген маманды кәсібилікке баулиды, тәжірибені шыңдайды, әділет пен тәртіпке үндейді. Түсіне білген адамға оңай сала емес. Совет аға Ойыл және Байғанин аудандық соттарында ұзақ жылдар судьялық қызметін абыроймен атқарды. Қиындықта шыңдалды, алдына келген әртүрлі адами тағдырларды көріп білу, зерттеп-зерделеу арқылы тәжірибе қалыптастырды, құрметке бөленді, еңбектің жемісін жеді. Ардагердің өмір жолы көпке үлгі, жастарға өнеге. Жары Мәрия екеуі қиындықты қатар енсере жүріп, он бір перзентті тәрбиелеп өсірді. «Әке көрген – оқ жоңар, ана көрген – тон пішер», – деген халық даналығы осындайда айтылса керек. Мұхамбетқалиевтер әулетінен тараған ұл-қыздар қазіргі таңда құқық қорғау саласында, заңгерлік қызметте табысты еңбек етуде.

Өкениң 41 жылдық еңбек тізбегін қызы Рахила жалғапты. Мектептен кейін Рахила Советқызы Ресейдің Саратов қаласындағы Д.Курск атындағы заң институтына оқуға түсіп, оны үздік тәмамдап елге оралды. 1986–87 жылдары Ақтөбе облысы Пролетарь ауданындағы халық сотында

сот отырысының хатшысы қызметін атқарды. 1987 жылы Рахила Советқызы Шалқар аудандық халық сотына судьялыққа тағайындалып, заң, құқық бағытындағы тәжірибесін шыңдады. Әке тәлімін негізге ала жүріп, абыройлы қызмет атқарған судья одан кейінгі жылдары Шалқар аудандық сотында, Қарғалы ауданында, Ақтөбе қалалық сотында өз қызметін мінсіз атқарды. 2012 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақтөбе облыстық сотының судьясы болып тағайындалды. Ынталы шәкірттен салиқалы, сауатты судья деңгейіне көтеріліп, көп алғысына кенелген білікті маман, өз кәсібінің шебері, әділетті судья 2021 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Әулеттің өнегелі үрдісінен Мұрат Советұлы да қалыс қалған жоқ. Ол да әке салған сара жолға түсті. 2001 жылы Ақтөбе облысы Соттар әкімшісінің сот қызметін үйлестіру бөлімінің бас маманы, 2005–2006 жылдары бөлім бастығы, 2006–2012 жылдары Ақтөбе қалалық сотының судьясы, 2012 жылы Әйтеке би аудандық сотының судьясы қызметтерін атқарды. Заң, құқық саласын зайырлы мемлекеттің қастерлі символы есебінде қабылдайтын отба-

сының білікті бір перзенті көп алғысына бөленіп, мамандықтың мәртебелі биігіне жетті. Мұрат Советұлы Ақтөбе облысы Соттар әкімшісінің, ҚР Судьялар одағының Ақтөбе облыстық филиалы төрағасының және ҚР Судьялар одағының Алғыс хаттарына ие.

Совет ақсақал заң саласын, әділет пен құқық бағытын таңдаған ұл-қыздарына білгенін айтып, өмірлік тәжірибелерінен бағалы бағдар берді. Судьялықтың халық назарындағы ауыр да жауапты міндет екенін, қазы кемеңгер, кемел, әділетшіл болса – халық төбесіне көтеретінін, ал қазы жемқор, жалтақ, қиянатшыл болса – жерге түсіретінін асқан көрегендікпен ұрпағының құлағына сіңісті етті. Сот саласының замана көшінен қалмай дамуына осы Совет ағадай ардагерлердің өнегелі жолы түрткі, оның династиялық жолға ұласқан судьялық қастерлі кәсібі талай судьялар отбасына тамызық болды.

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», – деген екен ақын Мағжан Жұмабаев. Бүгінгі сот жүйесі, құқықтық сала көптеген мектепті артқа тастады. Оның ішінде бүгінгі таңда бейнеттің зейнетін көріп отырған Мұхамбетқалиевтер отбасының судья ұл-қыздарының өзі талай шәкіртке үлгі, жол нұсқаушы ұстаз, тәжірибелі тәлімгер болып үлгерді. Халықшыл заңгердің еңбегі далаға кетпепті.

Совет ағаның кіші қызы Мұхамбетқалиева Гүлнар қазіргі уақытта Байғанин аудандық сотының кеңсе бас маманы, сот отырысының хатшысы. Кіші ұлы Мұхамбетқалиев Асқар Ақтөбе қалалық сотының кеңсе бас маманы, сот отырысының хатшысы. Асқар – құқықтану магистрі. Ол Ақтөбе қаласының мамандандырылған экономикалық сотында жұмыс атқарған.

Гүлнар да, Асқар да өз ұжымында сыйлы, білікті білгір мамандар. Ата жолын абыройлы алып жүру әр перзенттің парызы. Құрметті судья тағылымы тұтастай бір әулеттің мамандық таңдаудағы бағытын айқындапты. Мұхамбетқалиевтерге қарапайым халықтың қызметінде жүру, әділетті төрелік айтып, елдің лайықты адамына айналу – мақтаныш. Жылдарды жылдарға жалғаған жақсы үрдістің ғасырларға ұласуы да ғажап емес. Ендеше, Совет ақсақалдан бастау алатын заңгерлік кейінгі ұрпақтарына да жұғысты болсын.

Кей адам ұрпағына мұра, қазына, байлық аманаттаса, Совет ақсақал ұрпағына заңгерлікті, мәртебелі мамандықты өз өнегесімен, сара жолымен аманаттап, анықтап бергендей.

А.ДҮЙСЕНОВА,
Ақтөбе қалалық сотының
кеңсе меңгерушісі

ЖАЗА – ЖҮРГІЗУШІ ЖАУАПТЫЛЫҒЫН КӨТЕРЕДІ

Автокөлік индустриясының даму қарқыны жыл сайын өсуде. Қазіргі таңда көлік – жол қозғалысының ажырамас бір бөлігіне айналды. Бұл үдеріс біздің елімізде де байқалады.

Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен жағдайларын талдау және құқықбұзушылықтың алдын алу үшін әр елде жол-көлік оқиғаларының есебі жүргізіледі. Оны Ішкі істер министрлігі мекемелері, автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары жол-көлік оқиғаларын есепке алу ережелеріне сәйкес жүргізеді.

«Жол жүресің қауіпсіздігі туралы» заңға сәйкес, жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтерді жариялауға рұқсат етіледі және олар мүдделі заңды тұлғалар мен азаматтарға белгіленген тәртіппен беріледі. Дегенмен, көлік түрлері мен санының артуы салдарынан көлік қылмыстарының көрсеткіші өсіп, онда зардап шеккендер санының артқаны байқалуда. Ал көлік қылмыстары ішінен алдыңғы қатарды жол-көлік оқиғалары құрайды. Жол-көлік оқиғалары қоршаған ортаға, адам өмірі мен денсаулығына теріс салдарын тигізетіндіктен жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезек күттірмейді. Бұл үдерістен біздің облысымыз да қалыс қалмауда. Облыста жыл сайын автокөлік санының артуы мен жол жүрісінің интенсивтілігі, қоршаған ортаға бірқатар теріс салдарын тигізеді.

Автокөлік қылмыстарының алдын алу мақсатында келесі шаралар ұсынылады: біріншіден, жол көлік оқиғасы орын алғаннан кейін туындаған зиянды салдарды болдырмау мақсатында, кінәлі жүргізушінің шын өкінуіне байланысты жазасын белгілі бір дәрежеде төмендету – қылмыстық оқиғадан кейін жәбірленушілерге көмек көрсетуін міндетті түрде ескеру маңызды. Екіншіден, республикадағы жолдардың сапасын көтеру, дер кезінде жөндеу, тазалау жұмыстарын жүргізу керек.

Жол қауіпсіздігін сақтау үшін тиісті органдар қолдан келгенін бәрін жасауда. Оның қаншалықты тиімді болатынын алдағы уақыт көрсетсе керек. Жүргізушінің көлік

құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйінде басқарғаны үшін ӘҚБтҚ-де әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Статистикалық мәлімет бойынша сотта көлік құралдарын алкогольден масаң күйінде жүргізгендерге қатысты 2022 жылдың 9 айында 254 іс (2021 жылы 317 істер) қаралған. Бұдан істердің біршама азайғанын көруімізге болады. Жалпы, жол-көлік оқиғалары, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп қана қоймай, тараптарды қаржылай шығынға да алып келеді. Сонымен қатар, зардап шеккендер мен олардың отбасы мүшелеріне моральдық соққы болатыны да жасырын емес. Сондықтан, күн санап саны артып келе жатқан автокөлік жүргізушілеріне қатысты заңнама талаптарының қатаңуы уақыт талабы болып отыр. Осы ретте, автокөлік жүргізушілерін өз өмірімен қатар, өзге азаматтардың да өміріне қауіп тудырмас үшін жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға шақырғым келеді.

Бұдан бөлек, көлікті жүргізу, басқару, жолда жүру ережесін, жолдың жағдайын бағалауды, саралауды үйренуді мектеп қабырғасында оқытып, арнайы емтихан тапсыруды енгізген жөн. Мас күйде көлік басқарғаны үшін жүргізуші жазасын қатандату азаматтардың қауіпсіздігін, тұрғындардың денсаулығын сақтау үшін жасалғанын дұрыс түсінуіміз керек. Масаң күйде көлік басқарған тұлғаларды құқық қорғау органдары бірде біліп, бірде білмей жатады. Дегенмен, бұл әрекеттің артында адам өмірі, үміті, тағдыры тұрғанын ұмытпағанымыз жөн.

Болат ПАЗЫЛОВ,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Еліміздегі діни ахуалды оңтайландыру мақсатында және құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін прокуратура органдары ауқымды жұмыс жүргізіп келеді.

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Біріншіден, зайырлылық принциптерін насихаттау және діни экстремизмнің қателігін түсіндіру шаралары онлайн, офлайн форматтарында қолға алында. Екіншіден, жастар мен ата-аналардың жауапкершілігі түсіндірілгендіктен телефон арқылы «терроризм» бойынша жалған хабарлама таратушылардың үлесі төмендеген. Үшіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы лаңкестік және экстремистік ұйымдардың қауіптілігі қоғамға түсіндірілуде. Төртіншіден, ғаламтор ресурстары мен әлеуметтік желідегі заңсыз мазмұндағы контентке қарсы шаралардың үлесі азаяуда. Бесіншіден, діни қарым-қатынас саласындағы субъектілердің заң алдындағы жауапкершілігі кеңінен түсіндіріліп, құқық бұзушылықты алдын алу шаралары қолға алынған.

Жалпы, діни немесе зайырлы қоғамның айырмашылығы қандай?

Әлем картасындағы 200-ге жуық мемлекеттің басым бөлігінде ресми діни конфессиялар бекітілген, Батыс Еуропа елдерінің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне байланысты христиандық діннің католицизм, протестантизм бағыттарына ерекше мәртебе берілген. Еуропа елдері АҚШ-та демократиялық жолдармен реттелетін діни қарым-қатынас саласында өздерінің төл мәдениетіне жақын Христиан дінінің шіркеулеріне басымдық берілген.

Таяу Шығыс, араб континентіндегі елдердің ресми діндері ислам діні болуымен қатар, христиандық бағыттағы кейбір ортодоксалды шіркеулердің қызметіне рұқсат жасалған. Мысыр, Тунис, Біріккен Араб Әмірліктері, Түркия, Малайзия сынды мемлекеттерде туристік бағыттар арқылы экономикалық табыстарға қол жеткізуге және де сыртқы, ішкі факторларға байланысты ислам дінінен басқа да діни сенімдерге рұқсат берілген. Діни толеранттылықтың басты себебінің бірі Құранда және Мұхаммед пайғамбардың (Алланың сәлемі мен салауаты болсын) хадистерінде айтылған «кітап иелері» қауымдарымен (еврей, христиандық қауымдармен) сыйластық, құрметтеу қағидаларында қарым-қатынас орнату жазылған.

Зайырлылық сөзіне қатысты бірнеше түсінік бар.

«Зайырлылық» деген сөздің мағынасы – «дін мемлекеттен бөлек» дегенді білдіреді. Зайырлылық – ар-ождан бостандығы және тәзімділік сынды ұғымдармен тығыз байланысты. Бұл ұғым мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екендігін танытады.

Жалпы, әлемдік қауымдастықта зайырлылықтың үш түрлі үлгісі қалыптасқан:

- Зайырлылықтың бірінші үлгісі – секуляристік (атеистік) үлгі. Оның көрнекі мысалы халқымыз бастан өткерген кеңестік режимді орнықтырған КСРО болып табылады. ҚХР-да бүгінге дейін осы үлгі пайдаланылуда.
- Зайырлылықтың екінші үлгісі – сепаратистік. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір діннің немесе конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады.
- Зайырлылықтың үшіншісі – таңдамалы негіздегі үлгі. Бұл үлгі қоғам үшін ерекше құнды болып табылатын, конституциялық деңгейде анықталатын діни басымдықтарды басты тірек етеді.

Қазақстан қазіргі таңда зайырлылықтың сепаратистік үлгісін ұстанады. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір діннің немесе конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады.

2011 жылдан бастап «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның қағидаларына сәйкес, мемлекет пен діни конфессиялардың қарым-қатынасы зайырлық принциптерге байланысты нығайды. Заң талабы бойынша 1 жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 32 %-ға қысқарып, 46 конфессия мен

деноминациялардан 18 конфессия қалдырылды, мемлекеттің заңы мен дінтанулық ғылыми сараптамадан өтпеген конфессиялардың қызметіне шектеу жасалды.

Зайырлылық принциптерін ұстанатын мемлекеттердің үлесі қалай бағаланады?

Заманауи мағынадағы зайырлылық қағидасы Еуропада пайда болған. Дегенмен, бүгінгі дамыған мемлекеттерде зайырлылықтың жүзеге асырылу деңгейі әртүрлі. Жалпы айтқанда, зайырлылық мемлекет билігін діни тап өкілдеріне бермеу дегенді білдіреді, яғни, зайырлылық дегеніміз «дінсіздік» немесе «дінді жек көрушілік» емес.


Зайырлылық тарихына қысқаша тоқтала кететін болсақ, оның отаны Франция болып саналады. Дегенмен, діннің мемлекеттен бөлінуі Ежелгі Антикада байқалған. Батыста зайырлылық ұғымы екі бағытта дамыды:

1. Француздық және американдық бағыт.
2. Солтүстік Герман және Англо-саксондық бағыт.

Зайырлылық – көне Еуропада бір мағына беретін термин болғанымен, латын тарихының жалғасы болып табылатын елдерде (Жерорта теңізі жағалауындағы Рим империясы территориясында пайда болған елдер Италия, Франция т.б.) «зайырлылық» деп аталса, ал протестанттық мәдениетін сіңірген герман, англо-саксондық елдерде (Германия, Ұлыбритания, АҚШ т.б.) «секуляризм» ретінде қабылдаған.

Бұл ұғымға анықтама берген француз философы және филологы, позитивизмнің өкілі Эмиль Литтре. Ол: «Барлық культтерге бейтарап қарайтын, діни басшылықтан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамадан азат болып табылатын мемлекеттің белгісі» деп тұжырымдады.

Қазіргі уақытта дүниежүзіндегі зайырлылық үлгілерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады.



Біріншісі – «қатаң» болып саналатын, дінді қоғамдық өмір саласынан тысқары ұстауға тырысатын «франциялық» зайырлылық үлгісі болса, екіншісі – «жұмсақ» болып саналатын, әрбір азаматқа ұстанатын діни-наным сенімдеріне сәйкес, жеке және қоғамдық өмір салаларында өмір сүруіне жағдай жасайтын және діндердің қоғамдық өмір саласына араласуына тосқауыл қоймайтын «англо-саксондық» үлгісі.

Жаһандық деңгейде болып жатқан үрдістерді, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы соңғы жетістіктерді және еліміздің ішкі әрі сыртқы саясаттағы ұстанымдарын назарға ала отырып, Қазақстан үшін зайырлылықтың «жұмсақ» үлгісі ең дұрыс таңдау болатыны анық.

Қазақстанда мемлекеттің зайырлылығын көрсететін мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің бірнеше формалары қалыптасқан. Мемлекеттің діни қатынастарды бірізділікке түсірудегі бірыңғай бағдарламасы қамтамасыз етілген және табысты түрде іске асырылуда.

Ал біз жаңа дәуірдегі қоғамдық келісім мен конфессияаралық татулықты нығайтып, өркениетті мемлекеттердің қатарында болуды көздейтін азаматтық қоғамның нығаюына жаңа серпін жасауымыз қажет.

А.ШАҒЫРБАЙ,
Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD докторы (Сараптамалық материал Алматы қаласы Прокуратурасының көмегімен дайындалған)

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

ҚАҚПА АЛДЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

ҚР ІІМ ҚАЖК «№ 24 мекемесі» РММ-де «Өскемен қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ және пробация қызметімен бірлесіп, сотталғандардың қатысуымен «Қақпа алдындағы кездесу» әлеуметтік жобасын іске асыру бойынша іс-шара өткізілді.

Сотталғандарды ағайын-туыстары қарсы алды. Пробация қызметінің өкілдері жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстыру бойынша бостандыққа шыққандармен әңгіме жүргізді. Оларға құқықтары мен міндеттері, бас бостандығын шектеу түріндегі

жазаны өтеу ережелері мен тәртібі түсіндірілді. Сондай-ақ, Жұмыспен қамту орталығының өкілі оларға әрі қарай жұмысқа орналасу, әлеуметтік пакетті, заң көмегін және психологтың қызметін алу туралы кеңес берді. Осы әлеуметтік жобаның арқасында босатылған адамдар қандай маман-

дықты алуға, қалай жұмыс табуға болатындығы туралы ақпарат алды.

Іс-шараның мақсаты – сотталғандардың бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейінгі алғашқы күндерде еңбекке орналастыру және күнделікті тұрмысқа бейімдеу секілді шаралармен қоғамға әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.

Д.ТҮРҒАМБАЕВА,
ҚР ІІМ ҚАЖК «№24 мекемелер» РММ ҚТҚ аға инспекторы, әділет капитаны



ЖАРНАМА

ӨРТУРЛІ

16. «Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» акционерлік қоғамы барлық мүдделі тұлғаларды Директорлар кеңесі (04.11.2022 ж. №74 хаттама) Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру жөніндегі Қоғамның сактандыру портфелін беру жүзеге асырылатын сатып алушы сактандырушының таңдау туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлар етеді. Осы сактандыру портфелін сактандырушы-сатып алушы «Сентрас Коммекс Лтд» ОСҚ» АҚ бойын табылады. Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындау мәселелері бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19, тел.: +7 (727) 244 74 00.

9. Рудный қалалық сотында ҚР, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Горняков көшесі, 84 үй, 24 пәтер мекенжайында тұратын Редкоус Ольга Владимировнаның Қостанай облысының тумасы, зейнеткер азаматы Редкоус Александр Дмитриевичті хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша іс өндіріске алынды. Редкоус Александр Дмитриевичті көрген-білген жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Рудный қаласы, Володарский көшесі, 190, тел. 8(71431) 3-99-20 мекенжайы бойынша немесе 714-2678@sud.kz электрондық поштасына Рудный қалалық сотына хабарласуын сұраймыз.

10. «Базальт-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 060540010263, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: индекс 030005, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Астана ауданы, Авиагородок, 40 үй, электронды пошта: uristsbsgroup@mail.ru, тел.: 87132740080, 87019282883.

14. Алматы қаласы, Айгерім-2 ықшамауданы, Акатаев көшесі, 82/4, мекенжайы бойынша тұратын Бердинова Рая Хамзақызы 15.08.1979 жылы туған Иембергенов Ұлан Жамағатұлын, жұмыссыз, хабарсыз кетті деп жариялау туралы арызбен Алматы қаласы Алатау аудандық сотына жүгінді. Судья Ж.Б. Нурсеитованың анықтамасы бойынша. Иембергенов Ұлан Жамағатұлының жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, 26/1, тел.: 8 (727) 333 14 02, мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Алатау аудандық сотына хабарласуын сұраймыз.

ТАРАТУ

4. « Газкамту» ашық акционерлік қоғамы, БСН 951140002049, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Желазео промзонысы.

6. «Береке-Бірлік» ҚБ, БСН 040540028788 (занды мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28А ықшамауданы, 1 үй, 119 пәтер), мекемесінің жабылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады: Ақтау қаласы, 28А ықшамауданы, 1 үй, 119 пәтер. Тел.: 87076001712.

11. «Бек Алім» ЖШС ұйымы, БСН 170740001610, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Гастелло көшесі, 38 үй, өзінің жабылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 25Б үй, 40 пәтер. Тел.87475424745.

12. «Jaina kindergarten» балабақшасы» ЖШС, БСН 220440010998, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарағайлы ықшамауданы, Қали Надиров көшесі, 99Б, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Гоголь көшесі, 98/1 үй. Тел.: 87716353000, 87784845211.

13. «Green Style» ЖШС, БСН 041140004154, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30/8, 123 кеңсе, тел.: +77017883816.

15. «Кульбаев К» ЖШС, БСН 200140009543 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР БҚО. Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор селосы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 61үй.

17. «Алем Логистикс» ЖШС БСН 130940000800, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы Қабанбай батыр көшесі 314 үй, 61 пәтер. Тел: 87019629734.

8. Алдағы қоғамдық тыңдау туралы хабарландыру
Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Женіс даңғылы, 11 үй мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ көрсетілетін қызметтерінің бағаларын түсіндіру бойынша мүдделі тұлғалар үшін жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдауды өткізу күні мен орны: 07.12.2022 ж. сағ. 12.00-де Қоғамдық тыңдаулар онлайн форматы өткізіледі (ZOOM бейнеконференциясы платформасында). Арнайы құқық субъектісінің атауы: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ.
Арнайы құқық субъектісінің негізгі қызмет түрлері:
1) мемлекеттік меншікті есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;
2) жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу;
3) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру;
4) астық қолқаттарын ұстаушылардың электрондық тізбегін жүргізу.
Уәкілетті органының байланыс телефондары және интернет-ресурстың мекенжайы: +7 (7172) 71-77-55, +7 (7172) 71-70-82, интернет ресурсқа сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/gosreestr?lang=ru
Арнайы құқық субъектісінің байланыс телефондары және интернет ресурстың мекенжайы: +7 (7172) 55-29-81 ішкі.130, 160, 120, интернет-ресурсқа сілтеме: https://e-qazyna.kz/
Тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала жазылудан өту керек: телефон арқылы: +7 (7172) 71-70-82, +7 (7172) 55-29-81 ішкі.161, электрондық мекенжай бойынша: u.musin@minfin.gov.kz, a_myrzakhmetyova@gosreestr.kz.
Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілетінге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

18. «Алматинский завод Этолон» акционерлік қоғамы, БСН 920740001629, атқарушы органын орналасқан жері, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 32 үйде, Директорлар кеңесінің ұйғарымымен акционерлік қоғамның кезектен тыс жалпы жиналысы болатындығын хабарлайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы 2022 жылы 20 желтоқсанда 11.30-да жоғарыда көрсетілген мекенжайда басталады. Қатысушыларды тіркеу 10:20 дан 11.20-ға дейін.
Акционер ретінде тіркеу үшін жеке куәлігін немесе белгіленген тәртіппен ресімделген өзге де сенімхатты және өкілдің жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну қажет.
Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі:
1. Қоғамды тарату туралы;
2. Тарату комиссияларын тағайындау, оның құрамын, тарату тәртібі мен мерзімдерін бекіту туралы;
3. Таратылуына байланысты тиісті органдарға жазбаша хабарламалар жолдау туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 48-бабында көрсетілгендей ашық дауыс беру жолымен күндізгі тәртіппен өткізілетін болады.

Қоғам акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің материалдарымен 2022 жылғы 15 қараша мен 19 желтоқсан аралығында мереке күндерін қоспағанда, сағат 09:30-дан 17:00-ге дейін Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша таныса алады.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РҮТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

Ү «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

занды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874



МҰРАҒЕРЛІК

2. 2022 жылы 15 шілдеде қайтыс болған азамат Жанбушнов Ерлан Ажигереевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41 А, н.п-16 мекенжайы бойынша нотариус Р.Т. Камзағалиеваға хабарласуларын сұраймыз.

3. 2022 жылы 19 қазанда қайтыс болған азамат Рыскалиева Марина Наримановнаның атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін барлық мұрагерлер Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандыковаға хабарласуларын сұраймыз.

7. 17.05.2022 ж. қайтыс болған Сыздықова Үмітай Естайқызына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуларыңыз қажет. Тел.: 87014743502.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

Қонақтан түн ортасы келіп таксиден түсіп жатқан Дастанға көрші жертөле жактан бірнәрсе көлбендегендей болды. «Түн ортасында жүрсең осы, елестеген болар» – деп ойлаған ол тез адымдап өтіп кетеді. Содан, бес-алты күн өткенде оны есік алдында жиналған адамдар мен тергеуші қарсы алды. Тергеуші:

– «Ассалаумағалейкум», – деп аман-дасқан соң, өзін Калинин аудандық ішкі істер басқармасының қылмыстық істер бойынша тергеушісі, капитан Майдан Үмбетов деп таныстырды.

– Уалейкумсалам. Менің есімім Дастан болады. Қалайсыздар? – деген Дастан адамдар тұрған жақты иегімен нұсқап «Ел неге жиналып қалған мұнда?» – деп сұрады.

– Айып етпесеңіз сізге бірер сұрақ қойсам, – деді капитан, дауысын бәсеңсіте.

– Иә, ол не сұрақ? Қоя беріңіз, бірақ, ренжімесеңіз тезірек қойсаңыз, – деді Дастан асығыс екенін білдіріп.

– Осыдан бес күн бұрын бірінші кабатта тұратын актриса көршіңіз жоғалып кетті деп милицияға арыз түсті. Сол күні қойылымнан кейін әріптестерімен қоштасып кеткеннен үйіне оралмапты. Өлі-тірісі белгісіз, ұшты-күйлі жоқ. Бес-алты күнде осы маңайда бейсауыт жүрген біреу-міреуді көріп, ерсілеу нәрсе байқамадыңыз ба? – деген тергеуші Дастанның жүзіне барлай қарады.

Дастан ойланыңқырап басын көтере «Жооқ, ондай көлденең ешнәрсе байқамадым. Өзіміз бұл үйге жаңа қоныстанып жатырмыз. Маңайда бөтен адам жүрсе де, осы үй тұрғыны жүрсе де танымаған болар едік. Бір-бірімізді дұрыс танымаймыз ғой әлі», – дейді Дастан. Содан кейін жұмысқа кешігетінін айтып капитаннан рұқсат сұрады.

Капитан Майдан Үмбетов үйге кірмес бұрын маңайды барлап, көршілерден сыр суыртпақтап жүрген. Актриса тұрған пәтерді тінтуге кірген ол әуелі үйдің аурасын сезініп, біраз үнсіз тұрды. Үнсіздік адамның мінез, қылығын байқайтын амал. Актрисаның күйеуі Ербол өзін барынша сабырлы ұстауда. Мұны көріп диван үстінде жатқан киімдерді алып шифонерге тықпақ болған Ерболды капитан тоқтатты. «Ешнәрсеге тиіспеңіз. Заттар тұрған жерінде тұрсын» деп бұйырды ол. Шеке тамыры білеуленіп, екі шықшыты бүлк-бүлк етіп екі алақанын жағына апарып орындыққа отыра кеткенін Ерболдың өзі де байқамай қалды. Оған мән берген тергеуші:

– Әйеліңіз жұмысқа қай уақытта кетіп, қай уақытта келуші еді? Балаларын балабақшаға апарушы ма еді? Соңғы рет үйден қандай киім киіп шықты? Бұрын-соңды үйге келмей қалған, кешігіп, ішімдік ішіп келген кезі болды ма?– деп сұрақты қарша боратты. Сасып қалған Ербол:

— Ііі, жоо-оқ, он-ндай әдеттері жоқ. Әсем үйге уақытылы келетін. Күнде тамақ дайын, үйді таза ұстады. Балалардың күтіміне жауапкершілікпен қарайтын. Балаларды обалсынып балабақшаға да бермеді. Театрда қойылым күні балалар менімен қалатын, – деді де, көзіне ыршып келген жасты жасыра сүртті.

Жас та болса небір құйтұрқы, әккі қылмыстардың бетін ашып жүрген тергеуші оның көз жасына илана қойған жоқ. Қайта өктем дауыспен:

– Олай болса әйеліңіздің киімдерін көрсетіңіз. Біртіндеп, рет-ретімен әуелі қысқы сырт киімінен бастап шығарыңыз. Ал, сіз бірін қалдырмай жазып отырыңыз, – деп, жанындағы көмекшісіне бұйырды. Сырт киім, жазғы-қысқы, бас киімін қарап шықты.

– Енді әйеліңіздің іш киімдерін көрсетіңіз, – дегенде, Ербол «оның іш киімін қайдан білейін» деп қысылып жауап берді. Үйден Әсемнің бірде-бір іш киімі табылмады. Бұл этюд тергеушіні қалың ойға қалдырды. Әсемді жолда ұры-қары тонаса, не өлтірсе,

оның іш киімі үйде болуы керек емес пе? Тіпті, біреумен қашуға дайындалып жүрсе де іш киімнің болмауы қисынсыз сияқты. Әсемнің өзі болмаса, оның іш киімін кім, қайда жіберуі мүмкін деген сұрақ тергеушіні алаң еткен. Ерболдың бетіндегі тырнақ іздері тегін емес, не болса да сұмдық осы күйеуінен келіп тұр деп ертесіне оны тұтқынға алады.

Ербол түрмеге түсті дегенді естіп Арал жактан қайын атасы мен қайын апасы келді. Ақсақал келе сала күйеу баласымен жолығып мән-жайды сұрастырады. Күйеу баласы өзінің еш кінәсі жоқ, әйелінің алдында ақ адал екенін, оны өлімге қимайтынын, оның тірі жүргенін сезетінін айтып қайын атасын сендірген. Еңбегімен республикаға танымал ақсақал үлкен есіктерге кіріп жүріп күйеу баласын тергеуден аман-есен шығарып алады. Осыдан кейін Майдан Үмбетовті бұл істен шеттеткен.

Баланың жоғалуын Алла тағала ешкімнің басына бермесін! Белгісіздіктен

абыройлы, беделді, қолы шипалы дәрігердің бірі екен. Осындай шын жана-шыр ортада Ербол өзін жау алмайтын қорғанда жүргендей сезінді.

Әсем жоғалып кеткелі бір жылдан асып барады. Одақ көлеміндегі ең тәжірибелі із кесушілер мен криминалистер, тергеушілер жұмылдырылған іздестіру жұмыстары еш ілік табар емес. Бұл қалай? Таңдаулы деген тергеушілердің өзі аң-таң. Тергеушілер бір шатастыруға тап болғандарын сезді. Оны Ербол да байқады. Тергеуден запы болған Ербол бір күні қайын атасымен әңгімелесіп отырып, ақсақалға ой тастайды.

– «Әке!» Ол қайын атасын солай атайтын. «Әке, Әсем өте талантты актриса. Ол сомдаған кейіпкерлер де қызықты. Оны өнерсүйер қауым сол образдары арқылы жақсы таныды. Оны жанындағы әріптестері қызғаныштан,

КӨМІЛМЕЙ ҚАЛҒАН САУСАҚ



өткен қасірет жоқ! Не өлді деп құран бағыштай алмайсың. Дегенмен, бұл жайға Әсемнің отбасы сабырлық танытуда. Қызы көңілдесімен басқа қалаға отбасын тастап қашып кетіпті деген сөз бұлардың да құлағына жетті. Ата-ана үшін бұдан өткен азап бар ма? Онсыз да жаралы жүрек, қам көңіл жандар мұндай сөздерді естігенде жердің тесігі болса кіріп кетуге бар еді. Анасы «Алла тағала, қай жерде жаза басып дұрыс тәрбие бермедім екен? Мұндай маскара боларын білгенде оқытпай ауылда тұрмысқа бергенім дұрыс еді» деп, ұяттан өзін жегідей жеді. Қорыққан қояндай үрпііп отырған екі балапанға көзі түсе қалса, «Бізді аямасаң да мына бейкүнә екі сәбиіңді аясаңшы. Сағыныштан жан дүниелері қуарды. Жаза бассаң кешірер едік. Бір хабарынды берші, жаным», – деп еңіреген ананың көз жасы көл болды.

Әйелінің күннен күнге қуарып, солып бара жатқанына қамыққан ақсақал: «Бір мәнісі болар. Аздап шыда. Барымды салып іздеймін» – деп, жұбатты. Ербол Мәскеуден келген анасы екеуі сыртқа таза ауа жұтуға шығып жиі серуендеп келіп жүретін. Анасы Қамар Мәскеуде дәрігерлік институтта оқыған. Сол Мәскеуде тұрады, Одаққа

орнын алу үшін көзін жоюы мүмкін ғой» деп, атасына ой ұшығын ұстатты. «Іздегенге сұраған» деген, неден ілік тауып, неге қарманырын білмей жүрген қайын атасы:

– Иә, иә, дұрыс айтасың. Әбден мүмкін! Сен бұны ертерек неге айтпағансың? Ертең оларды тергеуге арыз жазамын, – дейді. Сонымен, күдікті ретінде театрдағы ең беделді отбасылық жұп назарға ілікті. Елдің бәрі сыбыр-гүбір әңгімеге көшкен. Айтаққа кику қосқан қазақ емес пе? Ақыры Серік пен Майра күдікке ілінді. «Жел соқпаса шөптің басы қимылдамай-ды» деп осы мүмкіндікті пайдаланып оларға деген өздерінің жеке бас ренішін де қосып жатты біреулер. Тергеуші алдында жауап беріп отырған Майра апай, Әсемнің үлкенге ізетті, кішіге қамқорлығын, рөлге таласы жоқ екенін айтты. «Өнерде алатынымды алып, көрерменге беретінімді беріп, енді жастарға білгенімді үйретіп, жол көрсетуші мақсат еткен жанмын» – деді. Тергеуші:

– Әсемнің сол күні қандай киім киіп келгені есіңізде ме?

– Әрине, есімде. Үстінде күзен терісінен тігілген тон болатын. Сол күні балаларының нағашыларға кет-

кенін айтқан ол күйеуі кешкі асын ішпей күтіп отыратынын айтып асығыс үйіне кетті, – деді Майра тергеушіге.

Театрдың ең беделді актерінің бірі Серік Тұрарұлы да Әсемге жақсы мінездеме берді. Тергеуші ыңғайсыз сұрақ болса да күдікті ретінде жауапқа тартылып отырған адамның реакциясын байқайын деген оймен, «Еркек ретінде Әсем сізді қызықтырушы ма еді?» деген. Серік Тұрарұлы мұның құйтырқы сұрақ екенін түсініп, зинақорлыққа қарсы екенін тергеушіге байыппен ұқтырды. Тергеуші оған «Актрисалардың арасында көңілдесіңіз бар ма? – деген де сұрақ қойды. Ондағысы Әсем өлген соң рөлін өзі жақсы көретін адамға алып бермекші болған шығар деген ой еді. Енді, өмірде адамдар арасында түрлі жағдайлар болады ғой.

Бұл уақытта Ербол да тергеушілермен бірге Әсем секілді белгісіз жағдайда жоғалып кетіп, денесі табылған әйелдердің мәйітін барып көріп жүрді.

Күдіктілер қатарына іліккендеріне жүрегі ауырған әртістер театрдан аяқтарын алыс басқысы келген. Өсіресе, Әсемнің жанында жүрген Нәзікенге жабылған жала оның ішкі жан дүниесін жазылмастай жаралап өтті. Себебі, Әсем өзінің барлық ішкі сыры мен мұңын туғанындай болған Нәзікенмен бөлісетін. Тігіншілік өнері бар Нәзікен кейде құрбысы кигісі келген көйлекті ерінбей пішіп, тігіп беретін. Ұзаққа созылған тергеуден шаршаған Нәзікен «Әсем, бұл қалай болғаны? Сен қайда-сың? Тірі болсаң тез келші. О дүниелік болсаң бір хабарынды жеткізші. Мына, қым-қуыт тірлікте мәселенің ақ-қарасын аңдамай, қуғанға да, қашқанға да кидулатып серік қосатын қазағымыз жан дүниемді таптап барады жалған жаламен» деп, құрбысымен іштей сырласатын.

Бірде Заманбек атты тергеушінің алдына барды. Қиядағы іске тергеушінің қырағы көңілі жетіп тұрса да:

– Сізге тағы бірер сұрақ қойсам, – дейді Нәзікенге.

– Әрине, сұраңыз, – деді Нәзікен. – Сізбен құрбысы ретінде Әсем сырларымен бөліскен екен. Жасырмай айтыңызшы, Әсемнің көңілдесі болып па еді? Ішімдікке әуестігі бар ма еді?– деді. Нәзікен аса танданыспен:

– Жооқ, о не дегеніңіз! Әсем тек отбасын, балаларын ғана ойлады. Оның ешқандай көңілдесі болған емес. Ол тіпті, атак пен даңққа қызықпайтын. Жерлес ретінде оның отбасын жақсы білемін. Үйдің тұңғышы болғандықтан ол өзінен кейінгі жеті-сегіз баланың жағдайын ойлап жүретін. Ішкілік дегенді татып алмаған, – деп жауап берді Нәзікен.

Ақ адал құрбысының осындай күйге тап болғанына қабырғасы қайысса да, мынадай жалған жалаға күйінген ол: «Мені адам өлтіреді десеніздер, тұрмын алдарыңызда. Тұтқындаңыздар. Тұрмын, міне! Мен қылмыскерге ұқсаймын ба?» деді, Нәзікен қатулы үнмен.

Нақақ жабылған жаладан жаман нәрсе жоқ екен деген ойға келген Нәзікеннің көзінен қорланған жас ыршып түскенін байқаған тергеуші Заманбек Сәбетұлы: «Сіз, сәл сабыр етіңіз. Аздап уақыт керек болып тұр. Әлі нағыз қылмыскерді ұстаймыз», – деп, ыдыстан су құйып беріп қызды сабырға шақырды. Жұмыс барысында мұндай істің талайын көрсе де, әр істе әр адамның жан дүниесін өз жүрегінен өткізіп терең үңілмесе, көңіл-күйін аңдамаса істің күрмеуін шешу қиын екенін ол жақсы түсінеді. Дегенмен, қайтесі, өзі таңдап алған мамандық. Бір мезет басқа ойға берілген ол, Нәзікенге бұрылып, «бұл жерде бір сұмдық жасырылған құпия бар. Оны міндетті түрде біз табамыз» деді. Өлден соң:

– Айтыңызшы, Әсемнің мінезі қандай еді? Адамдармен әңгімелескенде көңілі толмаған жауапқа қалай жауап беретін? – деп тосын сұрақ қойды.

– Иә, Әсемнің мінезі шарт-шұрт болатын. Кейде көкейіне қонбайтын сөзге дүрсе қоя жауап қататын мінезі де бар еді, – деп шындықты жасырмай айтып берді. Тергеу ісінде білгенінді жасырмай айту істің ашылуына 95 пайыз кепілдік береді.

Әсемнің жоғалу ісі бір ашылып, бір жабылып жүрмей тұрған кезде Калинин аудандық ішкі істер басқармасына басып болып талантты тергеуші, полковник Ғалым Мәндібаев келеді. Сөйтіп, «Жабулы қазан жабулы күйінде қалған» істі қайта көтеріп, тергеуді бастады. Ал, Ербол болса қайдан ілік іздерін білмей ішкілікке салынған. Ол бір күні кешкі ас үстінде Әсемді Ыстықкөл жактан іздеп келемін деген. Милицияға сол жакта Әсемге ұқсайтын бір әйел туралы хабар түсіпті деді сұрағандарға.

Зұбайра ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ

(Жалғасы бар)

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665

Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
------------------------	---------------------------------------

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым **5527** дана
Апталық таралым **11 054** дана

Тапсырыс №165 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31